

2019 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 532 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 сәуірде № 5852 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 14-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабы 7), 8) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 13898 нөмірімен тіркелген) бұйрығына сәйкес, Семей қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2019 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота ұйым жұмыскерлерінің тізімдік санынан бір пайыз мөлшерінде осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде қағаз және электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне

ресми жариялау мен енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Семей қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолдауды;

4) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Семей қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Әкімдік қаулысының орындалуын бақылау қала әкімінің әлеуметтік сала, ішкі саясат, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Семей қаласының әкімі

Е. Сәлімов

Семей қаласы әкімдігінің
2019 жылғы "02" сәуірдегі
№ 532 қаулысына қосымша

2019 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленетін ұйымдардың тізімі

Р/ с №	Кәсіпорын атауы	Жұмыс- керлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)	Жұмыс орындар саны (адам)
1.	"Шығыс Қазақстан ұн-құрама жем комбинаты" акционерлік қоғамы	490	1	5
2.	"Семей машина жасау зауыты" акционерлік қоғамы	173	1	2
3.	"Қаражыра" акционерлік қоғамы	717	1	7
4.	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитетінің "Қазақстан су жолдары" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Семей филиалы	276	1	3
5.	"Ай-Ар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	105	1	1
6.	"Алфом" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	73	1	1
7.	"АЭС Шүлбі ГЭС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	138	1	1
8.	"Гордорстрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	480	1	5
9.	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің "Еңбек" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Еңбек-Семей" филиалы	55	1	1
10.	Семей медициналық әлеуметтік мекемесі "Санаторий "KARAGAILY"	90	1	1
11.	"Казполиграф" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	547	1	5

12	"Каззахцемент" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	383	1	4
13	"Казэлектромаш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	159	1	2
14	"Компания Восток-Строй" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	131	1	1
15	"Семей құю-механикалық зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	115	1	1
16	"Силикат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	280	1	3
17	"Семей аяқ киім фабрикасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	189	1	2
18	"СӨТ ТРАНС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	165	1	2
19	"Темир-Транс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	118	1	1
20	"Семей цемент зауыты" өндірістік компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1074	1	11
21	"Daewoo Bus Kazakhstan" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	100	1	1
22	"Семей Водоканал" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	649	1	6
23	"Теплокоммунэнерго" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	1678	1	17
24	"Фирма "Азия" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	180	1	2
25	"ЭЙКОС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	410	1	4
26	"Эмил" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	110	1	1
27	"Алел" қаржы-инвестициялық корпорациясы	945	1	9